

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының
Төреғасы атына алғыс хат

Ақмола облысы Зеренді ауданы Зеренді
ауылының зейнеткер тұрғыны
Тажимбетова Калия Байкашевнадан 12.04.1948 ж.т.

Алғыс хат

15 11 23
5-106 1
10/5

Мен 2021 жылдың күз айынан бері ауыр сырқаттарымның салдарынан төсекке танылғын кәріп жанмын, жасым 75-тен асты.

2021 жылдың қыркүйек айында ес-түсімді білмей ауыр сырқаттанып, төсек тартып қалдым.

Менің осындай мүшкіл халдегі ауыр жағдайымды пайдаланып, Астана қаласында тұратын кіші қызым менің басымдағы жалғыз баспанам-Зерендідегі кішкентай ғана үйімді баласының атына нотариалды түрде аударып алыпты.

2022 жылдың жазында жағдайым жақсарғанда үйсіз қалғанымды білдім.

Бөтен емес туған қызымның әрекетінен көрген қорлығым жаныма қатты батты. Бірнеше қайта хабарласпақ болып, телефон шалдық, бірақ та ол хабарласудан, сөйлесуден бас тартты. Мүлдем тауым шағылып, заңгердің көмегіне жүгініп, баспанамды қайтару үшін сотқа арыздануыма тура келді.

Азаматтық ісімді Зеренді аудандық сотының судьясы А.Сауытбаева қарап, әділ шешім шығарды.

Істі қарау барысында тараптардың құқықтарын түсіндіре отырып, біздердің өзара туыстық қарым-қатынасымызды бұзбай, ортақ ымыраға келуге, жағдайды алғашқы қалпына заңды түрде келтіріп, келісімге келуге қайта-қайта шақырды. Бірақ та қызым келіспей қойды.

Алайда, судья жас та болса өзінің біліктілігінің арқасында істі жан-жақты мұқият қарап, әділ шешім шығарып, басымдағы жалғыз баспанамды өзіме қайтарды.

Осылайша менің көз алдымда жас судья өзінің парасаттылығымен, сауаттылығымен Қазақстан Республикасы сотының жоғарғы беделін көрсетті деп есептеймін. Сот төрелігіне азаматтық сенімім артты.

Өз атымнан Зеренді аудандық сотының судьясы А.Е. Сауытбаеваның кәсіби шеберлігін атап өтіп, өз ісіне жетік, құрметке лайық маман екенін айтып, өз ризашылығымды білдіргім келді.

Алдағы уақытта да өзінің біліктілігімен, іскерлік қабілетімен халықтың ықыласына, ризашылығына бөленіп, заң атқару саласында адал қызмет жасайды деп сенемін.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қарамағындағы Ақмола облысы Зеренді аудандық сотының судьясы Айнұр Еслямбекқызы Сауытбаеваға жоғары кәсібилігі үшін алғысымды білдіремін.

«17» қазан 2023 жыл

К.Б. Тажимбетова